

**Түркістан облысы деңсаулық сақтау басқармасының «Жансая» облыстық
балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорынның 3 тоқсандағы жиналышының**

ХАТТАМАСЫ

№ 3

Кентау қаласы

08.08.2025 жыл

Төрағасы: Ж.Жұрұмбаева – басшысы.

Катысушылар: Кәсіпорынның персоналы. (*Дәрігерлер, өзге де қызметкерлер*)

Хатшы: Қ.Уитов - МСА есепшісі.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі»(2015 жылғы 18 қарашадагы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);

Сондай-ак, Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау», «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережесінің тармақтарын түсіндіру

(*ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздагы №112 бұйрығы*); мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

Төрағалық етуші орталық басшысы **Ж.Жұрұмбаева** жиналышты ашық деп жариялад, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздагы «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» №112 бұйрығының талаптарын және 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабын тізбектеп, қысқашы талқылау жасап, түсіндіріп өтті.

Содан соң басшының орынбасары **Г.Балабиева** түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен курес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты азайтуды қамтамасыз етуді мәлімдеді.

Және орталыққа келуші пациенттермен және олардың ата-аналарына мейіріммен қарауды. Құзыретіндегі барлық көмекті сый-сыяпат алуға бағытсыз, іскерлік қарым қатынаста болуды ескертті.

MCA есепшісі (комплаенс офицері) – Қ.Уытов

«Жаңа Қазақстанда» – жаңа идяларымен яғни, жаңаша ойлау, пайдакүнемдік ойлардан аулақ болуды хабарлады.

2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабында кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

- 1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- 2) адаптациялық қарандырылған нормалардың сақтау;
- 3) мұдделер қақтығыстарын болғызбау;
- 4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайтынын мысал келтіре отырып, толыққанды ақпарат берілді.

Барлық мәселелер жан-жақты зерделеніп, талқыланып, кәсіпорын қызметкерлері тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Ж.Жұрұмбаева жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Жұрұмбаева

Хатшы:

Қ.Уытов

